

## **Ақшоқы ауылдық округінде ірі қара малдары арасында қарасан індетіне қатысты карантин режимін енгізу және шектеу қою туралы**

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 27 қазандағы N 526 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Үржар аудандық әділет басқармасында 2010 жылғы 22 қарашада N 5-18-105 тіркелді. Күші жойылды - Үржар ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 27 желтоқсандағы N 597 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Үржар ауданы әкімдігінің 2010.12.27 N 597 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы» Заңының 31 бабы 1 тармағы 18) тармақшасына, Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339 Заңының 10-бабы 2-тармағының 9) тармақшасына сәйкес, Ақшоқы ауылдық округінде ірі қара малдар арасында қарасан індетінің шығуына байланысты, Үржар ауданының әкімдігі

### **Қ А У Л Ы**

### **Е Т Е Д І :**

1. Ақшоқы ауылдық округінде қарасан індетінің шығуына байланысты карантин режимін және шектеу шараларын енгізе отырып, ветеринариялық режимі белгіленсін және шектеу қойылсын.

2. ҚР Ауыл Шаруашылығы Министрлігі Агроөнеркәсіптік Кешендегі Мемлекеттік Инспекция Комитетінің Үржар аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы (Б. Сатай - келісімі бойынша) карантин іс-шараларының ұйымдастырылуына және атқарылуы барысына қадағалауды жүргізуі ұсынылсын.

3. Үржар ауданының ішкі істер бөлімінің бастығы (Ш. Айтқазин - келісімі бойынша) сауықтыру іс-шараларын өткізуге көмек көрсету ұсынылсын.

4. Ақшоқы ауылдық округінің әкімі (Р. Саржанов) сауықтыру іс-шараларының өткізілуін ұйымдастыру міндеттелсін.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жүргізу «Үржар ауданының ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы (А. Бексұлтановқа) жүктелсін.

6. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Келісілді:

Қазақстан Республикасы Ауыл Шаруашылық  
Министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі  
Мемлекеттік Инспекция Комитетінің  
Үржар аудандық аумақтық инспекциясының  
бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық  
инспекторы **Б. Сатай**  
**Үржар ауданының ішкі**  
**істер бөлімі бастығы**  
полиция подполковнигі **Ш. Айтқазин**